

## «Korona қосымшасынан centercredit карталарына ақша аударғаны үшін кепілдік берілген бонус» акциясының ережелері

1. Осы «Korona қосымшасынан centercredit карталарына ақша аударғаны үшін кепілдік берілген бонус» акциясының ережелерінде (бұдан әрі – Ережелер) «Korona қосымшасынан centercredit карталарына ақша аударғаны үшін кепілдік берілген бонус» акциясын (бұдан әрі – Акция) өткізу тәртібі мен шарттары айқындалған.
2. Акцияны ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 38 мекенжайында орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ (БСН 980640000093) (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).
3. Акция «Ойын бизнесі туралы» ҚР1 Заңына және «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес мағынасы мен анықтамасы бойынша сәйкесінше құмар ойын және/немесе лотерея емес.
4. Акцияға қатысу үшін ақы алынбайды.
5. Акцияға осы Ережелердің барлық талабының шарттарын тиісті түрде орындаған 18 жасқа толған, ҚР азаматы болып табылатын жеке тұлғалар, тұруға ықтиярхаты бар ҚР бейрезиденттері (бұдан әрі – Акцияға қатысушы) қатыса алады.
6. Акция өткізілетін кезең: 2024 жылғы 01 шілденің 00 сағат 00 минутынан 2024 жылғы 30 шілденің 23 сағат 59 минутына дейін (бұдан әрі – Акция кезеңі).
7. Акцияға қатысу шарттары: Акция кезеңінде Акцияға қатысушылардың Korona қосымшасынан кез келген centercredit картасына 100 000 теңгеден астам сомада ақша аударуы.
8. Ережелердің 8-тармағында көзделген Акцияға қатысу шарттарын орындаған Акцияға қатысушылар 1 000 (мың) теңге мөлшерінде кепілдік берілген бонус алады.
9. Ұйымдастырушы кепілдік берілген бонусты ақша аударған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен 3 (үш) жұмыс күніне дейін аударады. Кепілдік берілген бонус Акцияға қатысушының ол бұрын Korona қосымшасынан ақша аударған картасына аударылады.
10. Ұйымдастырушы Акцияға қатысушының Ұйымдастырушыға байланысты емес кез келген себеп бойынша кепілдік берілген бонусты алуға мүмкіндік болмағаны үшін, оның ішінде Форс-мажор жағдайларында: дүлей апат, өрт, су тасқыны, кез келген сипаттағы соғыс қимылдары, қоршау, заңнамадағы елеулі өзгерістер, егер бұл жағдайлар міндеттемелерді орындауға кедергі келтірсе, Ұйымдастырушы тарапынан бақылауға келмейтін басқа да жағдайларда Ережелер бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілік атқармайды.
11. Ұйымдастырушы Акцияға қатысушы алған кепілдік берілген бонусты алдағы уақытта пайдалану үшін жауапкершілік атқармайды.
12. Кепілдік берілген бонус осы Ережелердің 11-тармағында көрсетілген себеппен аударылмаған жағдайда, ол күйіп кетеді және оны Акцияға қатысушы қайта талап ете алмайды. Кепілдік берілген бонусты алмау жөніндегі наразылық талаптары қаралмайды.
13. Акцияға қатысушы алған кепілдік берілген бонус айырбасталмайды және қайтарылмайды.
14. Акция, Акцияның елеулі өзгерістері туралы ақпарат, өзге де ақпарат Ұйымдастырушының [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz) интернет-бетінде (сайтында) және Ұйымдастырушының әлеуметтік желілерінде орналастырылады.
15. Ұйымдастырушы кез келген уақытта Акцияға қатысушыларға және барлық мүдделі тұлғаға Ережелердің 15-тармағында көзделген тәсілдермен ақпаратты орналастыру арқылы хабарлап, Акцияны өткізу мерзімдерін, шарттарын, кепілдік берілген бонустың мөлшерін толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ өз қалауы бойынша Акцияны толықтай немесе оның бір бөлігін өткізуді тоқтатуға, тоқтата тұруға, болдырмауға құқылы болып қалады.
16. Ұйымдастырушы Акцияға қатысушының шеккен шығындарын қоса алғанда, Акцияға қатысушының қателіктерінің, үшінші тұлғалардың жосықсыз әрекеттерінің қандай да бір салдары үшін жауапкершілік атқармайды. Ұйымдастырушы Акцияға қатысушының Акцияға қатысуға байланысты туындауы мүмкін залалын, шығынын және кез келген шығысын өтемейді және орнын толтырмайды.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы

17. Акцияға қатыса отырып, Акцияға қатысушы даусыз және сөзсіз тәртіппен шектеусіз мерзімге және ҚР аумағында шектеу қойылмастан, пайдаланғаны үшін кез келген сыйақы төлеместен, Ұйымдастырушыға Акцияға қатысушының аты-жөнін, дербес деректерін, сұхбаттарын немесе оның Акцияға қатысуына байланысты ол туралы басқа да материалдарды, соның ішінде Акцияға қатысушының фото және бейнетүсірілімін пайдалануға, сондай-ақ Акция туралы жарнамалық ақпаратты таратқан уақытта Акцияға қатысушымен жасалған фото және бейнежазбаларды пайдалануға келісімін және құқық береді.
18. Акцияға қатысушы кепілдік берілген бонусты қабылдауға келісе отырып және өзінің дербес деректерін ұсына отырып, ұсынылған дербес деректерді жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді, бұғаттауды, өшіруді, жоюды қоса алғанда, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген қағидаларға сәйкес бүкіл Акция өткізілетін мерзімде және Акция аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Акцияны өткізу мақсатында Ұйымдастырушының өзінің дербес деректерін өңдеуіне келісетінін растайды. Акцияға қатысушы аталған келісімді Ұйымдастырушының мекенжайына (ҚР, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 38) табыс еткені туралы хабарламасы бар тиісті тапсырысты хат жіберу арқылы кез келген уақытта кері қайтарып ала алады.
19. Акцияға қатысу фактісі Акцияға қатысушының Ұйымдастырушының оның дербес деректерін Акция өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілмен және осы Ережелерде көзделген тәртіппен өңдеуіне келісімін еркін, нақты, мәлімделген және саналы түрде білдіруі болып табылады.
20. Осы Ережелердің мақсаттарында тікелей немесе жанама түрде айқындалған немесе айқындалатын Акцияға қатысушыға (жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне)) қатысты кез келген ақпарат дербес деректер деп түсініледі.
21. Акцияға қатысушының Акцияға қатысуға байланысты өз құқықтарын (оның ішінде кепілдік берілген бонус алу құқықтарын) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.
22. Акцияға қатысу фактісі Акцияға қатысушының осы Ережелермен танысқанын және олармен келісетінін білдіреді. Ережелермен келісу толық әрі сөзсіз келісім болады.
23. Акцияның барлық нәтижелері, сондай-ақ Акцияны Ұйымдастырушының шешімдері түпкілікті және оларға шағымдануға болмайды.
24. Ұйымдастырушы осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды және даулы жағдайлар туындаған кезді қоспағанда, Акцияға қатысушылармен жазбаша келіссөздер жүргізбеуге не өзге де байланыстар орнатпауға құқылы болып қалады.
25. Осы Ережелерде көзделмеген жағдайларда түпкілікті шешімді Ұйымдастырушы қабылдайды.
26. Акцияға қатысуға, ұтыс ойындарын өткізуге, кепілдік берілген бонусты аударуға және т.б. байланысты қандай да бір мәселелер туындаған кезде Акцияға қатысушы info@bcc.kz электрондық мекенжайына хат жазу арқылы Ұйымдастырушыға хабарласа алады.
27. Бұл Ережелер – Акцияның ресми құжаты.